

Ж.Б. РАХМЕТУЛИНА,¹

э.ғ.к., профессор.

А.Т. КАРИПОВА,¹

э.ғ.к.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті¹

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТІНІҢ ДАМУЫ

Андатпа

Мақалада Қазақстан Республикасы туристік әлеуетінің даму келешегі қарастырылған. Бүгінде іскерлік туризм орнықты түрде дамып отырғаны аталып өткен. Туристік әлеует мәнін сандық тұрғыда бағалау үшін авторлар статистикалық мәліметтерді өңдеу және талдау әдісін қолдана отырып, әрі қарай зерттеліп отырған көрсеткіштің ауытқымалық деңгейін көрсететін вариация коэффициентін анықтаған. ҚР туризмін әрі қарай дамыту бойынша ұсыныстар ретінде авторлар туристік қызметті мемлекеттік реттеу және қолдау жүйесін дамыту қажеттілігін атап өткен. Аталған шараларды кешенді түрде жүзеге асыру республикаға шетелдік туристердің көптеп келуіне ықпал етеді және туризмнің материалдық-техникалық базасының нығаюына, туристік бағыттардың географиялық ауқымының кеңеюіне әкеліп соқтырады және экономиканың басқа да салаларының дамуын ынталандырады, аймақтық экономиканың құрылымдық тұрғыда қайта құрылуына елеулі үлес қосады. Қазақстандағы макроэкономикалық және саяси тұрақтылық, әлемдік масштабтағы шараларды өткізу іскерлік әріптестіктің даму қарқынын әрі қарай арттыруға ықпал етеді. Алдыңғы қатарлы әлемдік тәжірибелерге сүйене отырып, өзіндік стратегияны дұрыс құрастыру туризм саласын ел экономикасының табысты бір бөлшегіне айналдыруға мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: туризмнің дамуы, елге келушілер туризмі, іскерлік туризм, вариация коэффициенті, келешегі, талдау, экономика.

Туризм феномені ХХ ғасырда жарияланды, ал ХХІ ғасырдың басында әлемнің көптеген жетекші елдерінің әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірінің бағыттарының бірі болды. Мемлекеттің заң және атқарушы билік органдарының, басты міндеттерінің бірі – барлық деңгейдегі демалысты ұйымдастыру және туризмнің маңызды қажеттіліктері мен нормаларын бақылау. Қазақстандағы елеулі туристік-рекреациялық әлеуеті мен стратегиялық 2020 жылға дейін туризмді дамыту тұжырымдамасы бойынша, туристік ағын үлесі мен туристік қызмет көрсету құрылымы ЖІӨ-ге айтарлықтай әсер етеді.

Туризм нарығын белгілі бір жердегі берілген уақыттағы туристік өнімді сату-сатып алуды қамтамасыз ету үшін қажетті сұраныс пен ұсынысты біріктіретін, өзіндік ерекшеліктері бар қоғамдық-экономикалық құбылыс ретінде қарастыруға болады [1].

«Ішкі туризм» ұғымы Дүниежүзілік туристік ұйымның (United Nations World Tourism Organization) анықтамасы бойынша екі нысаннан, яғни халықаралық туризм (international tourism) категориясы ретінде сырттан келу және ұлттық туризм (national tourism) категориясы ретінде ішкі туризм нысандарынан тұрады [2, 3]. Бұл мемлекет экономикасы үшін ең тиімді туризм түрі болып табылады. Сырттан келу туризмі нарығында елдер арасында келетін әрбір турист үшін қатаң бәсекелестік орын алған.

Біздің еліміздің туризм саласын дамыту әлеуеті зор. Оны үнемі дамытып, оңтайлы түрде қолдана білу қажет. Қазақстанда елдің бірегей географиялық орналасуына, бай туристік рекреациялық ресурстардың, тарихи және мәдени мұралардың болуына байланысты экономикалық бәсекеге қабілеттілікті арттыру стратегиялық маңызды салалардың бірі ретінде туризмнің орнықты дамуын қамтамасыз етуі тиіс.

Қазақстанда көрме-жәрмеңкелік қызметті дамытудың экономикалық маңызы зор, себебі ол туристік аймақ ретінде елдің имиджін қалыптастыра отырып, туризм инфрақұрылымының маусымаралық мерзімде қалыпты қызмет етуін қамтамасыз етеді және өз кезегінде туристік капиталды тарту көздерінің бірі болып табылады. Бұл іскерлік туризм саласын дамытудың, біріншіден, аталған саладан, қонақүй және мейрамхана қызметінен түсетін табыстар есебінен тұтыну нарығын дамытуға бағытталған кешенді міндеттерін тиімді түрде шешуге мүмкіндік береді. Екіншіден, туризмнің дамуы, ашық және еркін сауда, бизнес жүргізудегі транспаренттілік жағдайында дамып келе жатқан елдің имиджін көтеруге ықпал етеді [4].

Қазақстанның халықаралық аренада еліміздің беделін арттыруға бағытталған имидждік іс-шаралар өткізуде айтарлықтай тәжірибесі бар. Қазақстан Республикасының ЕҚЫҰ-на төрағалық етуі, 2011 жылғы 7-ші Азия қысқы ойындары, ЭКСПО–2017 Халықаралық көрмесі сияқты ауқымды шаралар біздің еліміздің жоғары мәдени және ғылыми-инновациялық деңгейін көрсете отырып, оны ірі әлемдік ойыншы ретінде позициялайды. Аталған және басқа да имидждік шаралар іскерлік туризмнің дамуына көп ықпалын тигізеді.

С. Хорнер әлемнің әр түрлі мемлекеттерінде туристік саланың қалыптасуы мен дамуына ықпал ететін бірқатар сыртқы және ішкі факторларды бөліп қарастырған [5]. Сыртқы факторларға автор елдегі климат, географиялық орналасуы, мемлекеттің тарихы, тілі, көлік жүйелерінің дамуы, экономикалық өсу деңгейі, ландшафттар мен қала пейзаждарының сапасы, туризмге байланысты үкімет ұстанып отырған саясат, экономикалық және саяси тұрақтылық және т.б. факторларды жатқызған. Ішкі факторлар ретінде өмір сүру стилі, жинақталған тәжірибе, отбасылық және басқа да жеке жағдайлар, таза табыс сияқты факторларды қарастырған.

Еліміздегі қолайлы саяси және экономикалық климатты, халықтың бай мәдени құндылықтарын, олардың салт-дәстүрлерін ескере отырып, туризмді дамыту әлеуетін, жинақталған тәжірибені ұтымды пайдалану әр түрлі елдерден келген туристерге ұсынылатын сервистік қызметтер мен туристік өнімдерге деген сұранысты толық қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Осы тұста туризм саласын әрі қарай дамыту барысында сапалық тұрғыда ілгерілеуге көмектесетін, қолда бар резервтерді анықтау мақсатында туризм саласының жағдайын талдап, мониторинг жасап отыру өте маңызды екенін атап өткен жөн.

Қандай да бір елдің туризм саласын зерттеуге арналған отандық және шетелдік мақалаларда, әдетте, аталған саланың бірнеше жылдар аралығындағы көрсеткіштеріне салыстырмалы талдаулар ғана келтіріледі.

ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі Комитетінің статистикалық есепке алуы барысында туризм саласын сипаттайтын бірқатар көрсеткіштер бөлек қарастырылады. 1-кестеде 2012–2017 жылдардағы Қазақстанның туризм саласы дамуының негізгі индикаторлары көрсетілген.

1-кестеде келтірілген мәліметтерге сәйкес, елде 2017 жылы туризм саласымен жасалған жиынтық қосылған құн 558,8 млрд теңгені құраған. Бұл көрсеткіш 2012 жылғымен салыстырғанда 143,7 млрд теңгеге (25,7%-ға), ал 2016 жылғымен салыстырғанда 48,8 млрд теңгеге (8,7%-ға) артық.

2017 жылы Қазақстаннан шетелге шыққан резиденттер саны 10 260 813 адам болған, бұл көрсеткіш 2012 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 1 195 234 адамға (11,6%-ға) артық.

Кесте 1 – Қазақстанда туризм дамуының негізгі индикаторлары, 2012–2017 жж.

Индикаторлар	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Тікелей туризмде құрылған жалпы қосылған құн, млрд теңге	415,1	336,4	336,8	406,4	510	558,8
Орналастыру орындарының саны, бірлік	1 526	1 678	2 056	2 338	2 754	2 987
Санаторий, курорттық ұйымдардың саны, бірлік	123	169	152	144	154	144
Туризм саласы қызметкерлерінің тізімдік саны, мың адам						
- туристік фирмалар	5,0	6,6	6,5	7,3	7,2	7,3
- орналастыру орындарында	21,5	22,0	25,7	25,3	26,5	27,6
- санаторлық-курорттық мекемелерінің	11,1	10,8	10,3	10,5	10,0	9,6
Туризм саласында жұмыспен қамтылған қызметкерлердің орташа айлық ағаулы есептелген жалақысы, теңге						
- туристік фирмалар	71 557	70 475	71 233	85 002	94 465	108 152
- орналастыру орындарында	77 503	76 360	86 272	106 823	112 582	118 606
- санаторлық-курорттық ұйымдардың	67 277	71 059	76 885	77 245	83 385	88 163
Шетелге шығып кеткен ҚР-ға резидент келушілерінің саны, адам	9 065	10 143	10 449	11 302	9 755	10 260
ҚР-ға келген резидент емес келушілердің саны, адам	579	710	972	476	593	813
ҚР-ға келген резидент емес келушілердің саны, адам	6 163	6 841	6 332	6 430	6 509	7 701
	204	085	734	158	390	196
Ескертпе – Дереккөз: www.stat.gov.kz.						

Қазақстан Республикасының туристік әлеуетін талдау және бағалаудың жоғарыда аталған әдістері жалпы қабылданған және олардың нәтижелеріне сәйкес көрсеткіштер түрінде мемлекеттік статистика органдарымен жарияланып отырады. Алайда бұл әдістерді пайдаланғанда елімізге (резидент және бейрезидент) туристердің келу динамикасы дамуының орнықтылығы (ауытқушылығы) дәрежесін талдау сияқты бірқатар сұрақтарға жауап ала алмаймыз. Алынған нәтижелер негізінде 2012–2018 жылдардағы жиынтық бірліктер вариациясына салыстырмалы бағалау жасалып, талданды. Вариация коэффициенті орташа шамалардың типтілігін бағалауда кеңінен қолданылатын ауытқушылық көрсеткіші болып табылады. Статистикалық зерттеу мақсаты зерттеліп отырған статистикалық жиынтықтың негізгі белгілері мен заңдылықтарын анықтау болып табылады. Статистикалық бақылау мәліметтерін жиынтықтап өңдеу барысында бөлу қатарлары жасалады. Вариациялық бөлу қатарлары сандық белгілері бойынша құрылған. Жекелеген жиынтық бірліктерінің сандық мәндері тұрақты емес. Белгі шамаларындағы мұндай айырмашылық вариация деп аталады. Жекелеген жиынтық бірліктерде вариацияның болуы белгі деңгейінің қалыптасуына көптеген факторлардың ықпал етуімен түсіндіріледі [6]. Жиынтық бірліктері тұрақтылығының (ауытқушылығының) салыстырмалы талдауы вариацияның статистикалық коэффициентін есептеу негізінде жүзеге асырылады. Аталған коэффициент келесі формуламен анықталады:

$$V = \frac{\sigma}{\bar{x}} * 100\%, \quad (1)$$
 мұндағы V – вариация коэффициенті; \bar{x} – жиынтықталған белгінің орташа мәні; σ – орташа квадратталған ауытқу.

Бұл көрсеткіштің, яғни вариация коэффициентінің мәні неғұрлым жоғары болса, қарастырылып отырған жиынтық бірлігінің біртектілігі соғұрлым төмен және белгі мәні орташа мән айналасында шашыраңқы болатыны байқалады. Қазақстан Республикасының туристік әлеуетін бағалау тұрғысында бұл коэффициенттің ауытқу мәні мен алшақтығы неғұрлым жоғары болса, соғұрлым оның тұрақтылық дәрежесі төмен болады дегенді білдіреді.

Жиынтықталған белгілердің орташа мәні (\bar{x}) пен орташа квадратталған ауытқуы (σ) келесі формулалармен анықталады:

$$\sigma = \sqrt{\frac{\sum(x - \bar{x})^2}{n}}, \quad \bar{x} = \frac{\sum x}{n}, \quad (2)$$
 n – жиынтықталған белгілер саны.

Енді орта мерзімді кезеңдегі келу мақсаттары бойынша қызмет көрсетілген туристер саны бойынша Қазақстан Республикасы туристік әлеуетіне статистикалық вариациялық бағалау жасайық. 2-кестеде 2012–2018 жылдарда елімізге келген туристер саны туралы мәліметтер келтірілген және аталған көрсеткіштің келу мақсаттары бойынша вариация коэффициенттерінің мәндері есептелген.

Кесте 2 – ҚР-ға келу мақсаттары бойынша қызмет көрсетілген барлық туристер саны вариациясының статистикалық коэффициенттерін есептеу, 2012–2018 жж.

Келу мақсаттары	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	\bar{x}	σ	V
Келушілер Соның ішінде:	3 026 227	3 307 752	3 804 447	3 802 225	4 217 782	5 279 406	5 526 864	4 039 940,8	915 221,6	22,6
жеке мақсаттар мен	1 090 471	1 323 433	1 683 734	1 737 069	1 972 662	2 666 196	3 059 755	1 778 892,4	683 049,1	38,4
іскерлік және кәсіби мақсаттармен	1 935 756	1 984 319	2 120 713	2 065 156	2 245 120	2 613 210	2 467 109	2 240 388,8	256 213,8	11,4
Резиденттер, соның ішінде:	2 507 005	2 721 714	3 125 429	3 110 012	3 495 267	4 387 495	4 695 942	3 565 176,6	833 680,7	23,4
жеке мақсаттар мен	1 028 932	124 984	1 574 649	1 610 467	1 859 736	2 515 495	2 853 202	1 916 549	668 505,9	34,8


2 кестенің жалғасы

іскерлік және кәсіби мақсаттармен	1 478 073	1 472 230	1 550 780	1 499 545	1 635 531	1 872 000	1 842 740	1 648 627,6	172 315,7	10,4
Бейрезиденттер, соның ішінде:	519 222	586 038	67 9018	692 213	722 515	891 911	830 922	699 887	129 189,3	18,5
жеке мақсаттармен	61 539	73 949	109 085	126 602	112 926	150 701	206 553	120 193,6	45 015,6	37,4
іскерлік және кәсіби мақсаттармен	457 683	512 089	569 933	565 611	609 589	741 210	624 369	582 926	83 370,6	14,3

Ескертпе – Мәліметтер негізінде авторлармен есептелген [7].

2-кестені талдай отырып, елге келу туризмінің өсіп отырғанын байқаймыз. 2018 ж. ҚР-ға келу мақсаттары бойынша қызмет көрсетілген туристер саны

5 526 864 адам болған, бұл 2012 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 2 500 637 адамға (45,2%-ға) артық. ҚР-да 2012–2018 жылдарда келу мақсаттары бойынша қызмет көрсетілген туристер (резидент және бейрезидент) санының динамикасы 1-суретте бейнеленген.



Сурет 1 – Қазақстан Республикасында келу мақсаттары бойынша қызмет көрсетілген барлық туристер санының динамикасы, 2012–2018 жж.

Ескертпе – Дереккөз: www.stat.gov.kz.

2-кестедегі мәліметтерге сәйкес, қарастырылып отырған кезеңде елге жеке және іскерлік мақсаттармен келген резидент және бейрезиденттер санының динамикасын сипаттайтын жалпы вариация коэффициенті 22,6%-ды құраған. Сонымен қатар берілген көрсеткіш мәні іскерлік және кәсіби мақсаттармен сапар шегетін туристерге қатысты тұрақты сипатқа ие болғаны байқалады. Аталмыш көрсеткіш 11,4%-ды құрайды. Өз кезегінде жеке мақсаттармен келетін туристерге қатысты вариация коэффициенті 38,4%-ды құрайды.

Аталған көрсеткіштердің балама мәндерін еліміздің резиденті болып табылатын туристерге, сондай-ақ бейрезидент туристерге де қатысты байқаймыз. Біздің пікірімізше, жеке және іскерлік мақсаттарда келетін туристер саны бойынша вариация көрсеткіштері арасында айтарлықтай алшақтықтың орын алуы ҚР-да туристік-рекреациялық саланы әрі қарай дамыту және жетілдіру қажеттігін көрсетеді. Демек көліктік инфрақұрылым жағдайын жақсарту, туристерді оларға қажетті ақпараттармен толық хабардар ету, қонақүй және қоғамдық тамақтану салалары тарапынан алуан түрлі ұсыныстардың жасалуы және сапалық тұрғыда дамуы және т.б. қажет дегенді білдіреді.

Осылайша, қарастырылып отырған кезеңде туристік қызмет белсенділігінің өсуі айтарлықтай елеулі деңгейде болмағанын байқаймыз. Туризмнің дамуын тежейтін негізгі факторлар болып дамыған туристік инфрақұрылымның, аталған салаға инвестиция тарту үшін қолайлы жағдайлардың болмауы, туристерге қызмет көрсету сапасының жоғары деңгейде

болмауы және Қазақстанның имидждік позициялауының жеткілікті дәрежеде белсенді болмауы табылады.

Қазақстанда туризмді дамыту үшін елдің бірегей мәдениеті, бай және алуан түрлі табиғатының, мәдени-танымдық, экологиялық, іскерлік туризмді дамытуға қолайлы іскерлік белсенділікті арттыру әлеуетінің бәсекелік артықшылықтарына негізделген экономикалық, индустриалдық тәсілді қолдану қажет, спорттық және қызықты оқиғаларға негізделген демалыс түрлері индустриясының белсенділігін арттыру қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Александрова А.Ю. Новейшее представление о сфере туризма как системе // Современные проблемы сервиса и туризма. – 2014. – № 1. – С. 24–38.
- 2 Forms of tourism // International Recommendations for Tourism Statistics 2008. NY: UN Department of Economic and Social Affairs. – 2010. – P. 15.
- 3 Glossary of tourism terms: UNWTO. URL: <https://s3-eu-west-1.amazonaws.com/staticunwto/Statistics/Glossary+of+terms.pdf>.
- 4 Айтжанова А., Шайкин Д., Даубаев К. Статистическая вариационная оценка туристического потенциала Республики Казахстан в среднесрочном периоде // Экономика и статистика. – Астана. – 2017. – № 1. – С. 23–27.
- 5 Swarbrooke J., Horner S. Consumer Behaviour in Tourism Second edition. 2nd edition. – Butterworth-Heinemann, 2007. – 428 p.
- 6 Неганова Л.М. Статистика. – 2010. URL: <http://be5.biz/ekonomika/s011/index>.
- 7 Қазақстан туризмі: статистикалық жинақ. – Астана, 2018.

Аннотация

В статье рассмотрены перспективы развития туристского потенциала Республики Казахстан. Отмечается, что сфера делового туризма в настоящее время находится на устойчивой траектории своего развития. Для проведения количественной оценки значения туристского потенциала авторы используют метод анализа и обработки статистических показателей с дальнейшим расчетом коэффициента вариации, который показывает степень колеблемости исследуемого показателя. В качестве рекомендации по развитию туризма в РК авторы отмечают необходимость развития системы государственного регулирования и поддержки туристской деятельности. Комплексное осуществление намеченных мероприятий будет способствовать притоку в республику иностранных туристов, приведет к укреплению материально-технической базы туризма, расширению многообразия и географии туристских маршрутов, окажет стимулирующее воздействие на другие отрасли, внесет существенный вклад в структурную перестройку региональной экономики. Макроэкономическая и политическая стабильность в Казахстане, проведение мероприятий мирового масштаба придает мощный импульс дальнейшему деловому сотрудничеству. Построение грамотной стратегии, учет мировых практик и опыта позволят сделать туризм доходной составляющей экономики.

Ключевые слова: развитие туризма, въездной туризм, деловой туризм, коэффициент вариации, перспективы, анализ, экономика.

Abstract

The article considers the prospects of development of tourist potential of the Republic of Kazakhstan. It is noted that the business tourism sector is currently on a stable trajectory of its development. The authors use the method of analysis and processing of statistical indicators with further calculation of the coefficient of variation, which shows the degree of variability of the indicator studied to carry out qualitative assessment of tourism potential essence. As a recommendation for the tourism development in the RK, the authors note the need to develop a system of state regulation and support for tourism activities. The complex implementation of the planned activities will contribute to the influx of foreign tourists into the Republic of Kazakhstan, lead to the strengthening of the material and technical base of tourism, the diversification and geography of touristic routes, have a stimulating effect on other sectors, and will make a significant contribution to the structural reorganization of the regional economy. Macroeconomic and political stability in Kazakhstan, hosting world-scale events, gives a powerful impetus to further business cooperation. Building a competent strategy taking into account world practices and experience, will make tourism a profitable component of the economy.

Key words: development of tourism, inbound tourism, business tourism, coefficient of variation, perspectives, analysis, economics.